

## 2024 жылға арналған Баянауыл ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 131/17 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 наурызда № 7524-14 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидалары бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына сәйкес, Баянауыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024 жылға арналған Баянауыл ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Баянауыл аудандық мәслихатының төрағасы*

*Р. Мукашев*